

Байтуған ауылының 90 жылдығына

Ағаға қарап іні өсер

Мен Байтуған ауылына қарасты Жаңа Құрылыс бөлімшесінің тумасымын, жас болсам да үлкендерден естігенім, сонау кеңес заманында екі ауыл қоянқол-тық бір үйдің баласындай өмір сүріп елі-мізге ерен өңбек өткен екен.

Менің атам екі соғысқа қатысқан Нұрхайдаров Маркеш осы екі ауылда көп жылдар басшылық қызмет етіп, халқына абы-ройлы да сыйлы азамат болып өмірден өткен жан.

Тарыдай шашылмай осындай еліміздің шағын ауылдары мен аудандары аяқта-рынан нық басып, Отанымыздың көк бай-рағын мықты ұстауға біз де жас ұрпақ үлесімізді қоссақ деген ойдамын. Жылдар бойы халықтың бірлігі, тату - тәтті тірлігі әлі сол қалпында жалғасын тауып келе жатқанына адамның көңілінде ерекше бір жылы сөзім ұялайды екен. Осындай себеп болып тұрғанда мен Байтуған ауылының барлық тұрғындарын осы атап өкелі жатқан торқалы «90 жылдық» үлкен мерей тойымен құттықтаймын!.. Әрі қарай 100 жылдыққа жетіп, ғасырлықтарыңызды той-лауға жазсын демекпін!..

Менің ағайым мен апайым осы Путь Ленина орта мектебін 2000-2001 жыл-дары ойдағыдай тәмәмдап, Астана қала-сында білімдерін әрі қарай жалғастырды, Қазір ағайым Нияз Астанада Мәдениет министрлігі жанындағы «Қазақ әуендері» ак-ционерлік қоғамының «Логистика бөлімінде» бас маманы болып қызмет атқарды. Ол өз елімізде және де шетел-дерде мәдени іс-шараларды ұйымдасты-рушылардың бірі. Мұндай іс-шаралар тікелей Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев, мәдениет министрлігінің қатысуымен өткізіледі. Мәселен ОБСЕ-нің

алғашқы салтанатты ашылуында Австрия (Венаға) барды.

ҚР-ның мәдениет күндерін өткізуге мы-надай шет елдерге барды:Германия (ФРГ), Түркменстан, Сауд Арабия, Иорда-ния, Турция (Стамбул),Оңтүстік Кореяға. Осындай іс-сапар барысында шетелдік-терге мемлекетіміздің ұлттық сал-дәстүрін, қолөнерін, ұлттық киімдерін, әшекей бұйымдарын, табиғаты жайында фота кермелер т.б. іс-шарәпармен таны-стырды. Сонымен қатар еліміздің атақты өнер жұлдыздарының концерттік бағдар-ламаларын ұйымдастырады. Нияз іс-сапар барысында киелі жеріміз Меккеде болып және Сауд Арабия мәдениет министрлігінен мақтау грамотасын қан-жығасына іле оралғанына дән риза болдық.

Ал апайым Гүлназ екі жоғары білім алып туған жеріміз Жаңа Құрылыс негізгі мекте-бінде бес жыл ұстаздық қызметімен қатар бір жылдан астам уақыт аралықа мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқаруда.

Осындай ұрпақтарына тілім-тәрбие бер-ген Байтуған, Жаңа Құрылыс мектептері-нің ұстаздарына мың алғыс.

Ата-бабадан қалған асыл қасиеттері бой-ымызға дарып, білімді, мәдениетті қазақ жастары көбейе берсе екен.

Ауылға басшыпыққа келген жас азамат ауыл өкіміне айтарым «Жас келсе іске» демекші сапарыңыз халықпен бірге оңға баса берсін.

Той құтты болып, әр отбасында саналы ұрпақ өсе берсін.

Нұрхайдаров С.Б.,

Қарағанды Гуманитарлық колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті факультетінің 4